

## Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын одан әрі дамыту мәселелері жөнінде комиссия құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 1 шілдедегі N 1016 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 3 шілдедегі N 695 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.07.03 N 695 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамыту мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес құрамда Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын одан әрі дамыту мәселелері жөніндегі комиссия құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын одан әрі дамыту мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2009 жылғы	1 шілдедегі
N 1016	қаулысына
қосымша	

## Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын одан әрі дамыту мәселелері жөніндегі комиссияның құрамы

Ахметов - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің  
Серік Нығметұлы орынбасары, төраға

Нокин - Қазақстан Республикасы Индустрия және  
Серік Кеңесұлы сауда министрлігі Құрылыс және тұрғын  
үй-коммуналдық шаруашылық істері  
комитетінің төрағасы, хатшы

Бекетаев - Қазақстан Республикасының Әділет  
Марат Бақытжанұлы вице-министрі

Дүйсенбаев	- Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі
Еркін Сейдағалиұлы	
Кармазина	- Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі
Лена Мағауянқызы	
Қуанғанов	- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысы
Фархад Шаймұратұлы	
Мамытбеков	- Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі
Еділ Құламқадырұлы	
Нұрымбетов	- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі
Біржан Бидайбекұлы	
Оразаев	- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министрі
Марат Әбілахатұлы	
Петров	- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі
Валерий Викторович	
Смайылов	- Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі
Әлихан Асханұлы	
Тұрғанов	- Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі
Дүйсенбай Нұрбайұлы	
Тұрмағамбетов	- Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі
Мәжит Әбдіқалықұлы	
Жарқынбаев	- Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары
Жасер Әзімханұлы	
Крылов	- Астана қаласы әкімінің орынбасары
Василий Леонидович	
Дәулетов	- "Астана қаласының бас жоспары" ғылыми-зерттеу жобалау институты" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директорының орынбасары
Болат Есенғалиұлы	
Абдуллин	- Қазақстан құрылыс салушылар қауымдастығының өкілі, "Билд Инвестментс Групп" акционерлік қоғамының басқарушы директоры (келісім бойынша)
Тасболат Аманжолұлы	
Жұмабаев	- "Астана-теплотранзит" акционерлік қоғамының бас директоры (келісім бойынша)
Айтмұқан Қазбекұлы	
Меншік	- "Ғылым қоры" акционерлік қоғамының Басқарма төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
Болат Шонтыұлы	

Сюндюков  
Валерий Владимирович

- Қазақстан Республикасы "Қазақстан Су  
арнасы" сумен жабдықтау және су бұру  
жөніндегі кәсіпорындар қауымдастығының  
президенті (келісім бойынша)

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

1

ш і л д е д е г і

N

1 0 1 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## **Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын одан әрі дамыту мәселелері жөніндегі комиссия туралы ереже 1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын одан әрі дамыту мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамыту мәселелері жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында құрылды.

2. Комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

3. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Қазақстан Республикасының заңдарын, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## **2. Комиссияның міндеттері**

4. Комиссияның негізгі міндеттері мыналар:

1) Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын ж е т і л д і р у ;

2) "Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамыту мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 мамырдағы N 778 қаулысында көзделген шараларды тиімді іске а с ы р у ;

3) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ ұйымдардың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі қызметін жетілдіру;

4) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты мемлекеттік басқару тиімділігін а р т т ы р у ;

5) мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті және жеке инвестицияларды ынталандыру жолымен коммуналдық сектордың инвестициялық тартымдылығын арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

### **3. Комиссияның функциялары**

#### **5. Комиссияның функциялары :**

- 1) Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамыту ;
- 2) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік реттеу;
- 3) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ ұйымдардың тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіру;
- 4) мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті және жеке инвестицияларды ынталандыру жолымен коммуналдық секторға инвестициялар тарту жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

### **4. Комиссияның құқықтары**

6. Комиссияның заңнамада белгіленген тәртіппен өз міндеттерін жүзеге асыру үшін мынадай құқықтары бар :

- 1) орталық және жергілікті атқарушы органдардан және өзге де ұйымдардан Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды сұрату және алу ;
- 2) өңірлердегі ахуалды талдау және зерделеу үшін мемлекеттік органдар мен мемлекеттік ғылыми-зерттеу ұйымдарының мамандарын қажеттілігіне қарай тарту ;
- 3) Комиссияның отырыстарында Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың және өзге де ұйымдардың өкілдерін тыңдау.

### **5. Комиссия қызметін ұйымдастыру**

7. Комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық етеді, оның отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады және оның қызметіне жауапты болады. Төраға болмаған кезде оның функцияларын орынбасары орындайды .

8. Комиссия отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындауды және отырыстан кейін хаттама ресімдеуді Комиссияның хатшысы жүзеге асырады.

9. Комиссияның жұмыс органы Комиссияның отырысына дейін бес күн бұрын Комиссия мүшелеріне барлық қажетті материалдарды беретін Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі болып табылады.

10. Комиссияның отырыстары қажеттілігіне қарай, оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде бірақ жарты жылда кемінде бір рет өткізіледі.

11. Комиссияның шешімдері ашық дауыс берумен қабылданады және егер оларға Комиссия мүшелерінің жалпы санынан көпшілік дауыс берілсе, қабылданған болып есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

12. Комиссияның отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша хаттама жасалады, оған оның барлық мүшелері міндетті түрде қол қояды.

## **6. Комиссияның қызметін тоқтату**

13. Комиссияның қызметін тоқтату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.